

**«Ішкі нарықты мұнаймен және мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету»
және «Қарашығанақ жобасының үлесін мемлекеттің сатып алуы»
тақырыптарында 2012 жылғы 5 наурызда өткен
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде салық заңнамасына шағын зауыттарды қоса алғанда мұнай өңдеу зауыттарында мұнайды тереңдетіп өңдеуді ынталандыру және мұнай өнімдерін тасу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастырсын.

2. Ішкі нарықты қолайлы бағадағы мұнай өнімдерімен толық қамтамасыз ету мәселесін қарастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасымен бірлесе отырып, «Астық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына астық қабылдау кәсіпорындарына тиесілі мұнай базалары мен резервуарларын мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілерге жалға беру мүмкіндігін көздейтін өзгерістер мен толықтырулар қабылданғанға дейін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді көктемгі-егістік және егін жинау кезеңінде мұнай өнімдерімен қамтамасыз етуге байланысты қалыптасқан ахуалды шешу мақсатында уақытша шешім қабылдау мүмкіндігін қарастырсын.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына мұнай өнімдерін өткізумен айналысатын субъектілердің техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді өткізгені немесе оларды жалған сәйкестік сертификаттары бойынша және оларсыз өткізгені үшін жауапкершілігін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарастырсын.

5. Қазақстанда өндірілетін және өткізілетін мұнай өнімдерінің сапа стандартына сәйкестігіне мониторинг жүргізуді қамтамасыз етсін.

6. Көлікті газ пайдалануға көшіру үшін ынтыландырушы факторлар қалыптастыру мақсатында сұйытылған табиғи газ нарығын дамыту жөнінде бағдарлама әзірлеу мәселесін қарастырсын.

7. Қазақстан Республикасының ірі инвестициялық жобалардағы үлесін және оларды сатып алуын ұлғайту жөніндегі жұмыстарды жалғастырсын.

8. Азаматтарды мемлекеттің Қарашығанақ жобасының он пайыздық үлесін сатып алғаннан кейін оның даму кезеңдері мен келешегі туралы хабардар етуді қамтамасыз етсін.